

педагогикасының дамып, қалыптасу тарихын таразылау оның ғылым саласы ретінде мәні мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Астана-1998
2. М. Жұмабаев Педагогика Алматы Рауан -1992
3. С. Ш. Әбенбаев Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы Дарын -2004
4. Р.К. Дүйсембінова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006
5. Абдуллин Э. Б., Е. В. Николаева Музыка мұғалімінің музыкалық- педагогикалық технологиялары - М., 2005
6. Сағынтаев П., Шәкірбаева А. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие әдістері. Алматы: Рауан, 1996
7. Баранов С.П. Принципы обучения. – М., 1975.

#### **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БІРІ - ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ**

*Жамантай Н.Қ.*

*Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенті  
Бисенғали М.Ғ. – ғылыми жетекші,  
дене мәдениеті және спорт кафедрасының оқытушысы*

**Тоғызқұмалақ** — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын. Бұл ойын сабырлықты, математикалық ойлауды, ұстамдылықты, шыдамдылықты және ұқыптылықты қалыптастыратын ойын. Ойынға қарап отырып, ата-бабамыздың қалдырып кеткен бар мәдени байлығы, қазынасы деп, аса құрметпен қарауға тұрарлық құнды дүние екендігін атап кеткеніміз жөн. Сол себепті дүние жүзіндегі үстел үстінде ойнайтын спорттық ойындардың ішінде тоғызқұмалақ ойыны да жоғары тұруы керек. Тоғызқұмалақ ойыны туралы алғашқы әдістемелік оқу құралын жазған белгілі тоғызқұмалақ шебері Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, ойынның алғашқы ұстаздардың бірі – А.Ақшораев.

Тоғызқұмалақ – қазақтың ерте заманнан келе жатқан ұлттық спорт ойындарының бірі. Тоғызқұмалақ ойынын «қойшылар алгебрасы» деп те атайды. Оның себебі тоғызқұмалақ ойынын «қойшылар алгебрасы» деп те атайды. Оның себебі де жоқ емес. Тоғызқұмалақты алғаш рет ауыл қойшылары төбенің басына жиналып, жақ-жақ боп ойнайтын болған. Алайда ол кезде тоғызқұмалақты қойдың құмалағымен ойнайтын болған. Қазіргі кезде тоғызқұмалақ арнайы тақтада ойнайды. Ол тақтаның ойылып жасалған он сегіз ұя- шұқыры бар. Мұны тоғызқұмалақ тілінде «Отау» дейді. Әрбір ойыншының тоғыз-тоғыздан отауы, құмалақ жинайтын бір-бірден қазаны бар.

Тоғызқұмалақ ойыны - есеп ойыны. Оның себебі – бұл ойын негізінде жұп сандар мен тақ сандардың өзара тартысы. Ойынды заңды түрде қай ойыншының бастайтындығы жеребе арқылы шешіледі.

*Тоғызқұмалақ ережесі.* Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз. Ойында жүріс жәй және шабытты болып екіге бөлінеді. Жүріс

кезінде қарсы жақтың бір отауы «желінетін» болса, оны «шабытты жүріс» дейді. Осы тәртіппен жүріс ала - кезек ауысып отырады.

Тақ санды құмалағы бар отауларды тоғызқұмалақ тілінде «ашық» немесе «алым» деп, жұп санды құмалағы бар отауларды «жабық» отаулар деп атайды.

Ойыншылардың негізгі мақсаты – неғұрлым көп құмалақ алу. Сондықтан ойын үстінде әрбір ойыншы өзінің отауларындағы құмалақтарды шамасы келгенше жұп «жабық» ұстауға, қарсы жақтың отауларын «ашық» тақ жасап отыруға тырысады.

Ойын барысында «тұздық алу»

*Тұздық алу ережесі.* Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды үй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауынатаратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек. Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады. Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады. Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – X деген шартты таңбамен белгіленеді. Ойын барысында «тұздық» бір-ақ рет алынады.

Ойын барысында, әсіресе ойын соңына таман келгенде ойыншының біреуінің құмалағы таусылып қалады да, жүрісі бітеді. Тоғызқұмалақ ойынында бұны «атсырау» деп атайды.

*“Атсырау” ережесі.* Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады. Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады.

Ойын соңында жеңіске жету үшін қазанына міндетті түрде 82 құмалақ жинау керек. Ойынның тең аяқталуы - сирек кездесетін жағдай. Тек ойын барысында екі ойыншы бірдей тұздық алғанда ғана ойын тең аяқталуы мүмкін.

Ойын ережесі бойынша осы ойында жеңген ойыншыға - бір ұпай, тең ойынға жарты ұпай, ұтылған ойыншыға ұпай берілмейді. Жарыс қорытындысын шығарған кезде ұпай санымен қоса міндетті түрде құмалақ саны қоса жазылады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғызқұмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғызқұмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғызқұмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді. Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғызқұмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Моңғолияда мектептерде тоғызқұмалақтан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғызқұмалақ ойналып жатыр деген дерек бар. Бұл ойын әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы, «Рауан», 1993.
2. Жалпы мектептерге арналған дене тәрбиесінің бағдарламасы. –Алматы, 2003
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Қайнар» ,1994.
4. Ахметов С. Қуыр-қуыр қуырмаш. - Алматы, «Өнер», 1993.
5. Нұрғалиев Р.Н. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1990.
6. Әбдіқадіров Д.Р. , Чныбаев М.М. Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны. –Алматы, 2011.